

*АҚШ-тың Діни Бостандық Жөніндегі Халықаралық Комиссиясы (USCIRF) Мемлекеттік Департаменттен бөлек және айырым бір ұйым болып табылады. Ол Америка Конгресімен құрылған, тәуелсіз, АҚШ-тың екі партиясымен қолданатын, бүкіл әлем бойынша діни бостандықты бақылайтын және Президентке, Мемлекеттік хатшыға және Конгреске саяси ұсыныстар беретін мемлекеттік сабақаттық комитет. USCIRF осы ұсыныстарды біздің заңмен қарастырылған өкілетімізбен және Жалпыға Бірдей Адам Құқығы Декларациясымен және басқа халықаралық құжаттармен орнатылған стандарттарға сай негіздейді. 2015 жылғы Жылдық есеп беру Өкілдер мен кәсіби қызметкерлер құжаттаған іс бойынша қиянат етушіліктер мен АҚШ үкіметіне тәуелсіз саяси ұсыныстарды жасау арқылы жылдық жұмыстың шарықтауын көрсетеді. 2015 жылғы Жылдық Баяндама 2014 жылдың 31 қаңтардан бастап 2015 жылдың 31 қаңтарға дейінгі кезеңді қамтиды, алайда кейбір жағдайларда бұл мерзімнен кейін орын алған елеулі оқиғалар да көрсетілген.*

## **Қазақстан**

**Зерттеудің негізгі нәтижелері:** Қазақстан үкіметі халықаралық деңгейде діни төзімділікті көтеріп жатқанымен, ел бойынша дін бостандығы жағдайлары 2014 жылы нашарлауын жалғастырды. Елдің 2011 жылы қабылдаған қатал діни заң тіркелмеген діни қызметке тыйым салдырып, діни ұйымдарды жабу, полиция рейдтерін өткізу, қамау және өсімпұлдар салу арқылы жүзеге асырылды. Заңның қиын тіркеу талаптары тіркелген діни топтар санының, мұсылман және протестанттықтардың күрт төмендеуіне алып келді. Осы мәселелер бойынша 2015 жылы USCIRF Қазақстанды қайтадан 2-ші топ (Tier 2) тізіміне қосты. Ол 2013 жылдан бері сонда орналасқан болатын.

## **Мағлұматтар**

Қазақстан халқының саны 17,7 млн құрайды, соның ішінде шамамен 65 пайызы мұсылмандар, негізінен Ханафи мазхабының сүнниттері. Орыс православие христиандары ел халқының 25 пайызын, ал басқа топтар, соның ішінде еврейлер, рим және грек католиктері, түрлі протестанттық конфессиялар, және т.б.әр бес пайыздан төменін құрайды. КСРО кезінде, көптеген ұлты қазақ емес Кеңес азаматтары (негізінен орыстар) ауыл шаруашылық өнімінің көлемін кеңейту үшін Қазақстанға көшіп, олардың саны жергілікті түркі-мұсылман қазақтардың санынан асып түсті. Қазақстан тәуелсіздік алғаннан кейін, ұлты қазақ еместердің көпшілігі елден көшіп кетті, оның үстіне ресми репатриация бір миллиондай этникалық қазақтарды елге қайтарды, мұсылмандар пайызы өсті.

2011 жылғы діни заңға дейін, Қазақстан посткеңестік Орталық Азиядағы дін тұту бостандығы бойынша ең либералды елдің бірі ретінде болды. Алайда 2011 жылғы діни заң мүше саны жоғары деңгейде болуын және тағы басқа күрделі тіркеу талаптарын орнатады

және тіркелмеген діни қызметке тыйым салады; рұқсат етілген діни қызмет пен оқытуды, діни материалдарды таратуды және діни қызметкерлерді дайындауды шектейді. Сонымен қатар 2011 жылғы заң мәлімделген бұзушылықтар үшін айыппұлдарды көтерді. Діни заң барлық діндердің тең құқықтық жағдайлары бар деп мәлімдесе де, өзінің кіріспесінде артықшылықты ресми мәртебені ескере «Ханафи мазхабындағы ислам мен православие христиандығының тарихи рөлін мойындайды». Үкімет сонымен қатар, арнайы діни ұйымдарға қарсы шыдамсыздықпен әрекет ететін «секталарға қарсы орталықтарды» қолдайды. Полиция мен құпия полиция діни бірлестіктердің әрекеттерін бақылап жүреді, бірақ мемлекеттік қуғынға түсудің қорқынышына байланысты, көпшілігі бұл мәселені талқылауға бата алмайды.

2011 жылғы заңға сәйкес, барлық діни ұйымдарға күрделі жаңа ережелерге сәйкес қайта тіркелу қажет болды. Ұйымдар жұмыс жүргізетін аумағына және мүшелік сандарына байланысты ұлттық, аймақтық және/немесе жергілікті Әділет министрлігінің органдарына тіркелуге тиісті болды (жергілікті тіркеу үшін 50 мүше, аймақтық тіркеу үшін кем дегенде екі аймақтарда 500 мүше және ұлттық тіркеу үшін елдің әр аймақтарында 5000 мүше). Көптеген бұрын тіркелген топтар жаңа шектеулерге сай бола алмай, өздерінің құқықтық мәртебесін жоғалтты. 2012 жылдың қазан айында қайта тіркеу күнінен кейін жалпы тіркелген діни топтар саны күрт төмендеді. Мысалы, 48 «дәстүрлі емес» діни ұйымдардың тек 16 ғана қайта тіркелді. Евангелиялық христиан-баптистері одағының 11000 мүшелері ар-ождан негізінде тіркелуден бас тартты. 2013 жылға қарай мемлекеттік қолдауға сүйенетін Қазақстан мұсылмандары діни басқармасымен (ҚМДБ) қолданған мұсылман топтары ғана тіркелді. Шииттер, Ахмади-мұсылмандары және олар секілді негізінен арнайы этникалық топтар баратын мешіттер де құқықтық мәртебесінен айрылды. Католик қауымдастықтары Қасиетті Тақпен келісім-шарт негізінде шараларды орындаудан босатылды.

2014 жылдың шілде айында Қазақстан Республикасының Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Қазақстанның әкімшілік және қылмыстық тәртіптерінің кодекстеріне құқықтық өзгерістер мен толықтыруларға қол қойды. Жаңа әкімшілік ережелер дін және сенімге қатысты мәлімделген бұзушылықтарға негізінен бұрынғы айыппұлдарды қайталайды, ал жаңа қылмыстық ережелер сотталғандар үшін шектеулерді орнатады. Өзгертілген кодекстер 2015 жылдың 1 қаңтарынан бастап күшіне енді.

### **Діни бостандық жағдайлары 2014-2015**

**Тіркелу мәселелері:** Қазақстандық мемлекеттік өкілдері тіркелмеген діни топтардың қызметтерін шектеуді жалғастырды, яғни, Атыраудағы протестанттық шіркеу. Одан басқа кейбір арнайы тіркелген ұйымдар, мысалы Қостанайда тіркелген Харе Кришна тобы, Мемлекеттік емес ұйым форумы 18 Ақпатраттық Қызметі, шектенді. 2014 жылдың соңына қарай, тарихи «Дин-Мұхаммад» мешітінің қоғамдастығы - солтүстік қала Петропавлда орналасқан негізінен этникалық татарларды құрайды – бұрын оның қызметін тоқтатып,

мешітті конфискациялаған болса да, қайта тіркеуді өту үшін өтінім беріп жатыр. 2014 жылдың соңында, Алматы Дін істерінің департаменті, дін тұтуды тіркелген жерлерден тыс ұстану құқық бұзушылық екенін хабарлады.

**Пастор Қашқымбаевтың ісі:** 17 ақпан, 2014 жылы Астана қаласы «Благодать» пресвитериан шіркеуінің пасторы зейнеткер Бақытжан Қашқымбаев шіркеуге келуші әйелдің психикасына ауыр зардап келтірді деп төрт жылдық шартты мерзімге сотталды, бірақ жәбірленуші өзінің зардап шекпегенін айтты. Алайда, 2014 жылдың шілдесінде ол екінші шіркеу мүшесінің денсаулығына зиян тигізгені үшін қосымша айып тағылу мүмкіндігіне тап болды. USCIRF 2013 жылдың қазан айында пастордың отбасымен кездескеннен кейін оны қысқа уақытқа түрмеден босатты, содан кейін «лаңкестік» үшін қайта қамауға алынды. Оның тоғыз ай мерзіміндегі бір айдың ішінде бақылаушылардың «кеңестік-стилі» деп сипатталғандай әдістерге қатысты, пасторге мәжбүрлеп психотроптық препараттар енгізілген. Бақылаушылар пастордың екі жылға созылған қылмыстық қудалауы мен оның отбасына қатаң қысымды Қазақстандағы діни бостандығының күрт төмендеуінің көрсеткіші деп санайды.

**Экстремизм айыптары:** Экстремизмнің қылмыстық айыптары үнемі бейбіт діни қызмет үшін жеке тұлғалардың ауқымына салынады. Сот тыңдауының материалдар «экстремистік» болғанын немесе болмағанын жөніндегі шешулері жарияланбайды. Мемлекеттік сайттарда тыйым салынған мәтіндердің кең тізімі бар. 2014 жылдың ақпан айында Астана қаласының соты «экстремистік» деп ішінара Салафиттік мұсылман Мұхаммед ибн Абдул-Уаххаб жазған кітапқа тыйым салды. Христиандар Вячеслав Черкасов және Жасұлан Әлжанов 2014 жылы қазан айында Ақмола облысында көшеде «Иса: Тек Пайғамбардан ғана емес» деп аталатын кітапты ұсынғаны үшін 10 күнге түрмеге отырғызылды, және оларға төрт айлық жалақы көлемінде айыппұл салынды. Экстремизм айыптары атеист жазушы Александр Харламовқа қарсы жалғасуда. Ол 2013 жылы бес айға қамауға алынды, соның ішінде бір ай психиатриялық тексеруде болды. «Таблиғ Жамағаты» мұсылмандық миссионерлік қозғалысына 2013 жылы тыйым салынған, болжалды мүшелердің сотталғаны құпия болып табылады. «Форум 18» болжалды «Таблиғ Жамағаты» мүшелеріне қарсы науқандарды хабарлайды. 2015 жылдың қаңтарында Бақыт Нұрманбетов, Айхан Құрманғалиев, Сағындық Татубаев және Қайрат Есмұхамбетов 20 ай мерзімдерге сотталды; 2014 жылдың соңында ұйымның тағы бір мүшесі үш жылдық мерзім алды, бес мүшелері сотталып, 20 қамауға түсті.

**Тіркелмеген діни қызмет үшін айыппұлдар:** Айыппұлдарға алып келетін 2011 жылғы дін туралы заңның ең көп тараған бұзушылықтары діни мәтіндердің лицензиясыз тарату, қажет «миссионерлік» тіркеусіз дін туралы әңгімелесу, және тіркеусіз дін тұту кездесулерін өткізу болып табылады. Президенттік Адам құқықтары жөніндегі комиссияның басшысы 2014 жылдың қыркүйегінде 92 әкімшілік істер рұқсат етілмеген

діни қызметтерге қозғалғанын айтты; 2014 жылдың қазан айында, кем дегенде 14-і мемлекеттік рұқсатқа өтінім бермегеніне айыппұл төлеуден бас тартқаны үшін түрмеге қамалған болатын. Бір баптист рұқсатсыз дін тұту кездесулері үшін екі жылда салынған үш айыппұл төлеуден бас тартты; ол 2014 жылы бес күн бостандығынан айырылды және оған елден шығуға тыйым салынды. Тіркелмеген діни қызметі үшін айыппұл төлеуден бас тартқан Кеңес Шіркеуінің 25 баптистері бар, олар Әділет министрлігінің борышкерлер тізімінде тұр және Қазақстаннан кетуге мүмкіндіктері жоқ. Иегова Куәгерлері де осы «құқық бұзушылықты» жасағаны үшін қылмыстық жауапкершілікке тартылды. Алматыда орналасқан тіркелмеген мешітті басқарғаны үшін имамның екі айлық орташа жалақысының айыппұлы 2014 жылдың сәуірінде жарамсыз деп жарияланды, өйткені тіркелмеген болса да, мешіт жартылай ресми ҚМДБ-мен біріккен болатын.

***Мұсылмандардың күшейтілген мемлекеттік бақылауы:*** Қазақстан үкіметімен тығыз байланысқан ҚМДБ мешіт құрылысын, теологиялық емтихандарды және ұмтылысы бар имамдардың биографиялық мәліметтерін тексеруді және қажылыққа баруды қадағалайды. Мағлұмат бойынша біріккен мешіттер өз кірістерінің үштен бірін оған жіберу керек, ал қосылмаған имамдарға және мешіттерге бірігіп қосылуына немесе жабылуына қысым жасайды. Мешіттердің күшейтілген ресми бақылауы халық наразылығын және ресми дискриминацияны туғызды, әсіресе батыс Қазақстанда.

***Діни материалдарға шектеулер:*** Үкіметтің көзқарасы бойынша діни мәтіндерді сату үшін діни заңның қатаң талаптарына сай келетін бірен-саран кітап дүкендері бар. Мысалы, тек Ханафи мазхабының сүннит материалдарын сатуға болады. «Заңсыз жолмен» діни әдебиеттерді таратқаны үшін Ақмола облысында Шіркеулерінің Кеңесінің төрт баптистеріне қарсы істер кеш құжатталғанына байланысты 2014 жылдың сәуір айында босатылды. 2014 жылдың мамыр айында Атырау облысында коммерциялық кітап сатушыға лицензияланбаған ислам кітаптарын сатқаны үшін бір айлық орташа жалақы көлемінде айыппұл салынды. Иегова куәгерлері 14 мәтіндерді импорттау жөніндегі өздерінің барлық заңды мәселелерімен сәтсіздікке ұшырды, соттың мәлімдеуінше олар «христиандықтың іргелі ілімдерін жоққа шығарады».

***БҰҰ арнайы баяндамашыларының алаңдауы:*** Діни сенім бостандығы бойынша БҰҰ арнайы баяндамашысы Хайнер Билефельдт Қазақстанға 2014 жылдың наурыз және сәуір айларында 11 күнге сапармен келді. Өз сапарының соңындағы ол «тіркелмеген діни топтарға Қазақстанда қандай да бір діни атқарымдарды орындауы өте қиын» деп көпшілік алдында жасалған баяндамасында алаңдаушылық танытты. Ол сонымен қатар «кейбір тіркелмеген топтардың әдебиеті, компьютерлері және басқа иелігі конфискацияланған ... полиция рейдтері туралы шындыққа саятын оқиғаларды» естігенін атап өтті. 2014 жылдың қаңтар айында арнайы баяндамашы Билефельдт және БҰҰ-ның адам құқықтары бойынша басқа бес сарапшылары (көзқарас пен пікірді білдіру бостандығы құқығын қорғау және ынталандыру бойынша; бейбіт жиналыстар мен бірлесу бостандығының

құқықтары бойынша; адам құқықтарын қорғаушыларының жағдайы бойынша; төрешілер мен адвокаттардың тәуелсіздігі туралы; және азсанды топтардың мәселелері бойынша) діни еркіндікке теріс көзқарасқа, яғни миссионерлік қызметті жазалау, діни қоғамдастықтарға полиция рейдтері, әсіресе Иегова куәгерлеріне көбірек назармен діни басылымдарға тыйым салуларға қатысты алаңдаушылық білдірді. Ассамблея мен Қауымдастықтың бостандығы жөніндегі арнайы баяндамашы Маина Киай 2015 жылдың қаңтарында елге келді және қауымдастық бостандығының құқығы Конституцияда кепілдік етілгенімен, «заңдар мен процессуалдық нормалардың желісі нақты бостандықты, ... [соның ішінде] діни қауымдастықтардың жұмысын шектейтінін айтты.

### **АҚШ саясаты**

Кеңес Одағының ыдырауынан кейін Америка Құрама Штаттары Қазақстанның тәуелсіздігін мойындаған алғашқы ел болды, ал қазір ол Қазақстан экономиканың ең ірі тікелей шетелдік инвесторы болып табылады. Негізгі екі жақты мәселелер аймақтық қауіпсіздік, оның ішінде Ауғанстанды тұрақтандыру шаралары мен ядролық қаруды таратпау саясатын қамтиды. Көптеген кеңестік ядролық сынақтардың жері болғанымен, Қазақстан ядролық қауіпсіздік бойынша жетекші рөл атқарады; 1991 жылы Қазақстан Президенті Нұрсұлтан Назарбаев Семей ядролық сынақ полигонын жапты. Екі ел осы және басқа да екі жақты мәселелерді – аймақтық ынтымақтастық, демократиялық реформалар, заң үстемдігі, адам құқықтары, азаматтық қоғамдығы, экономикалық даму, энергетика, ғылым, технология және халықтар арасындағы байланыстарды - 2012 жылы құрылған АҚШ – Қазақстан Стратегиялық серіктестік диалогы (ССД) арқылы талқылайды. Негізгі мәселелер бойынша жұмыс істеп жатқан топтар бар.

Үшінші ССД ҚР Сыртқы істер министрі Ерлан Ыдырысов пен Мемлекет хатшысы Джон Керридің төрағалығымен 2014 жылдың желтоқсанында өтті. Тараптар лаңкестікпен күрес және бейбітшілікті құру ынтымақтастығына ерекше назар аударды. Бірлескен ССД баяндамасы Америка Құрама Штаттары 2015 жылдың маусымы Астанада өтетін Әлемдік және дәстүрлі діндер басшыларының 5 съезін Қазақстанның өткізетінін қуана қолдайтынын атап өтті. 2003 жылдан бері өткізіліп келе жатқан осы Съездің басты тақырыбы - «дамыту мен бейбітшілік жолындағы» саяси және діни көшбасшылардың арасындағы диалог. Баяндамада сондай-ақ, жаңа консультативтік-кеңесші органды құру, «Адам деңгейі жөніндегі диалог платформасы», адам құқықтарын жақсартуды ұсыну үшін үкіметтік-азаматтық қоғам шараларына оң назар аударды. Бірлескен ССД баяндамасы ядролық қаруды таратпау мен қауіпсіздік, демократия және азаматтық қоғамды нығайтуды бекітті; діни бостандық туралы ескерілмеді.

Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары сондай-ақ әлеуетті құру бағдарламалары арқылы әскери ынтымақтастықты нығайту үшін бесжылдық жоспарға отырды. Оңтүстік және Орталық Азия Істері бойынша Штат хатшысы көмекшісінің орынбасары Дэн Розенблюм 2015 жылы қаңтар айында Америка Дауысына (VOA) берген сұхбатында

Қазақстан үкіметі АҚШ-тың артық әскери жарылыстан қорғайтын және бронды көлік құралдарын алуға қызығушылық танытқанын айтты. 2014 жылы Қазақстан мен Америка Құрама Штаттары 2015 жылы қол қоюға жоспарланған қылмыстық істер бойынша өзара құқықтық көмек көрсету туралы келісім жобасын қолға алды. Мұндай кеңейтілген құқық қорғау ынтымақтастықтың бөлігі болуы мүмкін, Пентагонның хабарлауы бойынша, Гуантанамо шығанағындағы АҚШ әскери түрмесінде он жылдан астам отырған үш йемендік және екі тунистік 2014 жылдың желтоқсанында Қазақстанға көшірілген.

### **АҚШ саясатына ұсыныстар**

USCIRF АҚШ үкіметіне мынадай шараларды орындау қажет деп кеңес береді:

- Қазақ үкіметінен БҰҰ-ның арнайы баяндамашыларының заңды реформа мен құқықты қолдану саясаттарын өзгертуге қатысты Қазақстанға жақында жасаған сапарларынан кейін шығарылған Діни сенім бостандығы және Қауымдастық пен ассамблея бостандығы бойынша ұсыныстарын қабылдауын сұрау;
- Қазақ үкіметіне азсанды діни топтарды қоса, Қазақстан аумағында бейбіт тұратын діни бірлестіктердің өкілетті топтарын Әлемдік және дәстүрлі діндер көшбасшыларының съезіне шақыруды үндеу;
- Қазақ үкіметінен үш ЕҚЫҰ Төзімділік жөніндегі жеке өкілдерінің сапарларына келісуін, бірлескен сапарға арнайы күнді белгілеуін және сондай сапарлар үшін толық және қажетті жағдайларды қамтамасыз етуін сұрау;
- Стратегиялық серіктестік диалогына діни сенім бостандығы туралы мәселелердің талқылауы кіретінін қамтамасыз ету және діни тұтқындарды босату туралы пікірлерді көпшілік алдындағы баяндамаларға және Қазақ үкіметімен жеке өзара талқылауларға енгізуді қамтамасыз ету;
- АҚШ елшілігі құқық қорғаушы активистермен белсенді байланыстарды жүргізетініне көз жеткізу және әрбір тұтқынның өз отбасымен, адам құқықтарын бақылаушылармен, тиісті медициналық көмек, сондай-ақ заңгермен байланысуға мүмкіндікті қамтамасыз етуді Қазақ үкіметінен талап ету;
- Азаттық Европа радиосы/Азаттық радиосының Өзбек қызмет көрсету вебсайтын, Мұсылмандар және Демократия сайттарын АҚШ әрі қарай қаржыландыруын жалғастыруды қамтамасыз ету үшін Елбасылар Хабарының Кеңесінің қолдауын сұрау және осы материалды қазақ тіліне аударуды қарастыру; және
- Тіл оқыту және бұрынғы кеңестік мемлекеттердегі адам құқықтары мен діни бостандығын қоса ғылыми-зерттеу үшін «Title VIII Program» (Титул VIII Бағдарламасы) (1983 жылы Кеңес және Шығыс Еуропа ғылыми-зерттеу және оқыту актісімен құрылған) бойынша Мемлекеттік департаментке бөлінген қаржыларды пайдалану.